

Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 мамырда № 28138 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заны 7 -бабының 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік алпыс күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі

C. Бекешев

КЕЛСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

КЕЛСІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Каржы министрлігі
КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэробарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі
2022 жылғы 20 мамырдағы
№ 168 Бұйрығымен
бекітілген

ҮЙ ЖАНАУАРЛАРЫН ҰСТАУДЫҢ ЖӘНЕ СЕРУЕНДЕТУДІҢ ҮЛГІЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 12) тармағына сәйкес өзірленді және үй жануарларын ұстаудың және серуендетудің тәртібін белгілейді.
2. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:
 - 1) жануардың иесі – жануар меншік құқығымен немесе өзгедей заттық құқықпен тиесілі болатын жеке немесе заңды тұлға;
 - 2) жауапты адам – жануар иесінің осы Заңда белгіленген құқықтары мен міндеттерін жануар иесінің жазбаша тапсырмасы бойынша өзіне алатын адам;
 - 3) иттерге арналған үйрету алаңы – иттерді үйрету үшін арнайы бөлінген, жаттығуға арналған арнаулы құралдармен жабдықталған қоршалған аумақ;
 - 4) үй жануарлары (компаньон жануарлар) (бұдан әрі – үй жануарлары) – қай түрге жататынына қарамастан, адам эстетикалық қажеттіліктері мен қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін дәстүрлі түрде асырайтын және өсіретін жануарлар;
 - 5) үй жануарларын серуендету – жануар иесінің және (немесе) жауапты адамның жануарды ұсташа орнының шегінен тыс жерге шығаруды көздейтін және жануардың қозғалыс белсенділігіне, табиғи қажеттіліктерін аткаруға деген физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған әрекеттері;
 - 6) үй жануарларының (иттердің) еркін жүруі – жануардың тұмылдырықсыз және қарғыбаусыз ұсташа иесінің қатысуымен үй-жайынан немесе аумағынан тыс жерде

арнайы бөлінген аумақтарда, иттерді серуендетуге арналған аланды немесе жануардың табиғи дәне және физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйрету алаңында болуы;

7) үй жануарларының өз бетінше серуендеуі – үй жануарларының ұстасу орнынан тыс жерде жануар иесінсіз және (немесе) жауапты адамсыз өз бетінше болуы;

8) ұстасу орны – жануардың иесі және (немесе) жауапты адам пайдаланатын, жануар ұсталатын ғимараттар, құрылыштар, құрылышжайлар, үй-жайлар немесе жер участекелері.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Үй жануарларын ұстасудың тәртібі

3. Үй жануарларын ұстасу жөніндегі талаптарға мыналар жатады:

1) үй жануарларын күтіп-бағу жағдайлары олардың биологиялық, түрлік және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуге, олардың табиғи қажеттерін қанағаттандырады;

2) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес үй жануарлары ауруларының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді және жоюды қамтамасыз ету болып табылады.

4. Үй жануарының иесі және жауапты адамы, адамдар мен жануарлардың денсаулығына қауіп төндіруге, айналадағыларға зиян келтіруге жол бермейтін жағдайларды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Үй жануарларын төмендегідей орындарда ұстасуға рұқсат етілмейді:

1) Қазақстан Республикасының жануарларға жауапкершілікпен қарау және денсаулық сақтау салаларындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде қоғамдық орындарда, ұстасу орындарында;

2) ортақ пайдаланылатын орындарда (баспалдақ аландары, жертөлелер, шатырлар, шектес балкондар, лоджиялар және ортақ пайдаланылатын қосалқы үй-жайлар);

3) үй маңындағы аумақтарда (жеке тұрғын үйлердің үй маңындағы аумақтарынан басқа);

4) асүйлер мен жатақхана дәліздерінде.

6. Үй жануарларының иесі және жауапты адам тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың, оның ішінде кондоминиум объектілерінің, қоғамдық орындардың үй жануарларымен ластануына, қоршаған ортаға зиян келтіруіне жол берілмейді.

7. Бірнеше отбасы тұратын тұрғынжайда (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақханадағы бөлме, модульдік (мобильді) тұрғын үй) үй жануарларын ұстасу медициналық қарсы

көрсетілімдерді ескере отырып, барлық тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің келісімімен жүзеге асырылады.

8. Бау-бақша, саяжай кооперативтерінің, демалыс үйлерінің аумақтарында санитариялық-гигиеналық ережелердің талаптарын сақтай отырып, үй жануарларын ұстауға жол беріледі.

8-1. Үй жануарларының иесі немесе жауапты адамы осы аумаққа кіреберісте жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларының бар екендігі туралы ескерту жазбаны жүзеге асырады.

Ескерту. Қағидалар 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қонақүйге әкімшілікпен келісім бойынша иесіне итпен немесе мысықпен қоныстануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Үй жануарларын қараусыз қалдыруға жол берілмейді. Қаралу мүмкін болмаған жағдайда үй жануарларының иесі немесе жауапты тұлға:

- 1) жануарды үй жануарларына арналған панажайға уақытша күтіп-бағуға орналастырады;
- 2) үшінші адамдарға уақытша күтіп-бағуға береді;
- 3) зоологиялық жатынжайға орналастырады.

11. Үй жануарын одан әрі ұстау мүмкін болмаған жағдайда жануар иесі және жауапты адам үй жануарын одан әрі орналастыруға шарапалар қабылдайды.

11-1. Жануардан бас тарту оған басқа адам меншік құқығын иленгенге дейін иесінің үй жануарына қатысты міндеттерін тоқтатуға әкеп соқпайды.

Ескерту. Қағидалар 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Иттерді өздігінен серуендеуін және адамдар мен жануарларға шабуыл жасауды болдырмайтын жағдайларда ұсталады. Мұндай жағдайлар болмаған жағдайда ит байлануы немесе үйшіктे болады.

3-тaraу. Үй жануарларын серуендету тәртібі

13. Үй жануарларын серуендету адамдардың, басқа жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адамдардың мүлкіне үй жануарларының зиян келтіруден қорғау талабымен жүзеге асырылады.

14. Үй жануарларының иесі және жауапты адам қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың

жергілікті өкілді органдары белгілеген тәртіппен үй жануарларын серуендету ережелерін сақтайды.

15. Жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануары жануардың иесіне және (немесе) жауапты адамға меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі қоршалған аумақта болатын жағдайларды қоспағанда, серуендету орнына қарамастан, жануар иесінің ерекше жауапкершілігін талап ететін үй жануарларын тұмылдырықсыз және 1,5 (бір жарым) метрден асатын қарғыбаусыз серуендетуге рұқсат етілмейді.

Үй жануарларын серуендету кезінде иелері мен жауапты адамдар мынадай талаптарды сақтайды (ерекше жауапкершілікті талап ететін үй жануарларын қоспағанда):

- 1) ит қоғамдық орындарда 2 (екі) метрден аспайтын қарғыбауда болуы керек;
- 2) тұмылдырық итке оны тасымалдау кезінде, адамдар көп жиналатын жерде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар, мекемелер белгілеген орындарда кигізіледі;
- 3) магистральдар маңындағы көшелер арқылы өту кезінде жол-көлік оқиғаларын және жолдың жүріс бөлігінде оның өлуін болдырмау үшін үй жануарлары 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауға алынады;
- 4) иесі итті иесінің осы ғимараттың ішінде болған уақытына ғимараттың жанында ерікті түрде шешілуін болдырмайтын байламда және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбаумен тұмылдырықта қалдыра алады;
- 5) иттерді серуендетуге тыйым салынған жерлерде ит иесі немесе жауапты адам айналасындағыларға қауіп төндірмей, тұмылдырықпен және 1,5 (бір жарым) метрден аспайтын қысқа қарғыбауда итпен аумақты кесіп өтуіне болады;
- 6) иттерді еркін серуендетуге арнайы бөлінген аумақтарда, аланда иттерді еркін серуендетуге жол беріледі.

Иттерді серуендетуге тыйым салынатын орындар тиісті белгімен белгіленуге тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - КР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Иттермен қорғалатын бекітілген аумақтары бар иелер иттерді өздерінің базаларында, қоймаларында, өндірістік үй-жайларында тек тұнгі уақытта және қоршалған аумақта еркін серуендетеді. Күндізгі уақытта иттер байлауда немесе үйшікте болады.

17. Елді мекен аумағында мыналарға:
 - 1) иттердің еркін жүруі;
 - 2) өздерінің мінез-құлқын ұстаяға қауқарсыз, оның ішінде алкагольден, есірткіден, үйтқұмарлықтан мас күйдегі адамдарға үй жануарларын серуендетуге және олармен қоғамдық орындарда және көлікте бірге болуға;

3) әкімшілікпен келісім бойынша спорттық және өзге де іс-шаралар ұйымдарын қоспағанда мектепке дейінгі балалар, білім беру, дене шынықтыру-спорт және медициналық, емдеу ұйымдарының, мәдениет ұйымдарының, балалар және спорттық ойын алаңдарының аумақтарында және серуендеуге арналмаған тыйым салу белгілері белгіленген аумақтарда үй жануарларын серуendetуге;

4) адамдарға шомылуға рұқсат етілген аумақта, тоғандарда, фонтандар мен су қабылдағыштарда үй жануарларын шомылдыруға және жуындыруға рұқсат етілмейді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Коммерциялық, коммерциялық емес, діни ұйымдардың, балалар, медициналық немесе білім беру ұйымдарының аумағында үй жануарларының болуын және оларды құтіп-ұстауды осы ұйымдар мен мекемелердің меншік иесі (әкімшілік) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындайды.

Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 19.09.2023 № 262 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Жануарларға жауапкершілікпен қарау саласында үй жануарларын серуendetуге не өзге мақсатта жануарлармен жүргүре тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын серуendetуге арналған орындарды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жабдықтайды.